

25 қазан – Республика күні



Zaŋgar

Адамның сәні - өнер,
білім, ақылы

30 қазан 2024 жыл

2004 жылдың наурыз айынан шығады

№8 (582)

«Қыран елім – Қазақстан»

Жәңгір хан университетінде ұлттық мерекеміз – Республика күніне орай «Қыран елім – Қазақстан!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.



Салтанатты жиынның шымылдығы «Ұшқын» студенттік театры дайындаған «Көк байрақ» театрландырылған қойылымымен басталды.

Құттықтау сөз алған университеттің

басқарма төрағасы-ректор Аскар Наметов атаулы күннің маңызына тоқталып, ұлттық мерекенің ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген әр қазақстандықтың символына айналғанын атап өтті.

–Бүгінде әлем мойындаған Қазақстанның қалыптасу кезеңі күрделі болғаны бәрімізге мәлім. Қазақ халқы көптеген сынақтардан сүрінбей, еңсесін биік ұстап, аман-есен өтті. Біз үшін Республика күні – дархан да-ламыз, бай табиғатымыз, тамырын тереңге жайған тарихымыз бен мәдениетіміз, қайталанбас дәстүрлеріміз және біздің университетіміздің күшімен жасалып жатқан ғылыми жаңалықтар, – деді Аскар Мырзахметұлы.

Мерекелік шара барысында университетіміздің халықаралық, республикалық және облыстық деңгейде өзіндік жетістіктері бар оқытушылары мен қызметкерлері облыс және қала әкімдерінің алғыс хаттарымен, басқарма төрағасы-ректордың Құрмет грамотасымен марапатталды. Олардың қатарында Индустриалды-технологиялық институтының аға оқытушысы Нұргүл Утеғалиева, Ветеринария және агротехнология институты директорының орынбасары Илана Абилова, ректор аппаратының басшысы Ерлан Таскалиев, заңгер Айнагүл Дүйсенғалиева,



Әскери кафедраның аға оқытушысы Еділбек Мусаков, Мансап және бизнес-серіктестік орталығының маманы Марал Жақсылықова, бас есепшінің орынбасары Жаннат Ақмалиева, Политехникалық институтының аға оқытушысы Асыланбек Нұралин, Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының аға оқытушысы Айгүл Кубегенова және басқалары бар.

Салтанатты іс-шара университеттің «Мәдениет және өнер» студиясы ұжымы дайындаған концерттік бағдарламамен жалғасты.



БҚАТУ волейбол командалары Астанаға жол тартты

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің волейболдан ерлер және қыздар командалары жоғары оқу орындары арасындағы республикалық студенттік спорттық лигада өз шеберліктерін сынға салуда.

Студенттік спорттық лига – бұл жыл сайын жоғары оқу орындары арасында өтетін дәстүрлі спорттық іс-шара.

Мұнда студенттер алдымен өңірлік кезеңдерде спорттың әр түрінен жарысқа қатысады. Биыл «Батыс аймақтық ЖОО арасындағы волейболдан студенттік спорттық лига» ерлер арасында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде оздырылса, қыздар арасында біздің Жәңгір хан университетінде өтті.

Ақ Жайықтың төріндегі екі күнге созылған жарысқа А.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің және Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың командалары қатысып, өз бақтарын сынады.

Спорттық шараның ашылу салтанатында университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов пен БҚО волейбол құрама командасының бас жаттықтырушысы Нұрсұлу Губашева командаларға сәттілік тілеп, мықтылардың жеңіске жетеріне сенім білдірді.

Батыс өңірдегі жоғары оқу орындарының волейболшы қыздары үшін мұндай жарыстар бәсекелестіктен бұрын достық қарым-қатынастарын нығайтуға себепші болады. Әйтсе де, сайыста спорттық шеберліктерін жасырып қала алмайды. Ойын нәтижесінде жүлделі I орын-


ды Ақтаудан келген Есенов университетінің қыздар командасы жеңіп алды. Ал екінші және үшінші орындарды алаң иелері Жәңгір хан университеті мен Ақтөбеден келген Жұбанов университетінің қыздары өзара бөлісті. Спорттық студенттік лиганың I және II орын алған жүлдегерлері Астана қаласына финалдық ойындарға жолдама алды.

Тағы бір қуанышты жаңалық – Жәңгір хан университетінің командасы Х.Досмұхамедов


атындағы Атырау университетінде өткен батыс аймақтық жоғары оқу орындарының ерлер командалары арасындағы спорттық студенттік лигада II орынды иеленді. Енді БҚАТУ-дың волейболдан ерлер және қыздар командалары Астанада 27 қазан мен 3 қараша аралығында өтетін финалдық кезең – республикалық студенттік спорт лигасында өнер көрсетеді.

Волейболшыларымызға сәттілік тілейміз!





Новые технологии и проекты, которые могут улучшить качество жизни жителей Западно-Казахстанской области



Возобновляемые источники энергии

Одной из главных проблем Западно-Казахстанской области является энергообеспечение удалённых и малонаселённых районов. Проекты по установке солнечных и ветровых электростанций могут стать решением, обеспечивая автономное и экологически чистое энергоснабжение. Учитывая, что регион имеет значительный ветровой потенциал, строительство ветроэлектростанций может стать экономически выгодным проектом, обеспечивающим стабильную подачу электроэнергии даже в самых отдалённых уголках области.

Также на повестке дня – развитие микрогридов, автономных систем энергоснабжения для небольших сообществ или отдельных хозяйств. Эти системы могут сочетать возобновляемые источники энергии с аккумуляторами, позволяя накапливать энергию и использовать её в периоды, когда солнечные или ветровые условия неблагоприятны.

Автономное водоснабжение и очистка воды

Проблема водоснабжения актуальна для ЗКО, где некоторые районы стра-

Западно-Казахстанская область (ЗКО) с её обширными территориями и удалёнными населёнными пунктами сталкивается с рядом вызовов, связанных с доступом к базовым ресурсам и услугам. Однако современные технологии и инновационные проекты открывают новые возможности для улучшения качества жизни населения. В этой статье мы рассмотрим несколько ключевых направлений, в которых технологии могут стать катализатором положительных изменений.

дают от нехватки питьевой воды. Технологии, позволяющие собирать и очищать дождевую воду, а также установки для десалинизации воды, могут существенно улучшить доступ к чистой воде в регионе. Одним из перспективных направлений является использование систем обратного осмоса и мембранных технологий для очистки как солёной, так и загрязнённой воды.

Кроме того, бурение скважин для получения подземных вод и их рациональное использование с помощью автоматизированных систем контроля расхода воды также могут улучшить ситуацию с водоснабжением в сельских районах.

Развитие сельского хозяйства через агротехнологии

Сельское хозяйство играет важную роль в экономике Западно-Казахстанской области, однако оно сталкивается с проблемами низкой производительности и засушливого климата. Новые агротехнологии, такие как системы точного земледелия, умные фермы и гидропонные установки, могут повысить эффективность сельскохозяйственного производства.

Технологии, основанные на данных, позволяют оптимизировать использование воды и удобрений, а также контролировать состояние почвы и растений с помощью дронов и сенсоров. Эти инновации могут помочь фермерам уменьшить затраты и увеличить урожайность даже в условиях сурового климата.

Цифровизация и интернет-инфраструктура

Развитие цифровой инфраструктуры — ключевой фактор для улучшения качества жизни в отдалённых районах. Установка спутникового интернета и

развитие мобильных сетей позволяют обеспечить доступ к интернету даже в тех местах, где традиционная инфраструктура недоступна. Это откроет новые возможности для образования, медицинских услуг и малого бизнеса.

Также стоит отметить развитие телемедицины, которое стало особенно актуальным после пандемии. Возможность удалённого консультирования с врачами через интернет может существенно улучшить доступ к качественной медицинской помощи в сельской местности.

Энергосберегающие технологии и «умные» дома

Энергосберегающие технологии, такие как теплоизоляционные материалы и «умные» системы управления энергопотреблением в домах, могут снизить затраты на отопление и электроэнергию для жителей ЗКО. Современные системы позволяют автоматически регулировать температуру в помещении, экономя энергию и повышая комфорт.

Проекты по строительству энергоэффективного жилья, а также модернизация существующих зданий с использованием новых материалов и технологий могут значительно улучшить уровень жизни, особенно в условиях суровых зимних температур.

Проекты развития туризма

Западно-Казахстанская область обладает уникальными природными ресурсами и культурными достопримечательностями, которые могут стать основой для развития туризма. Использование цифровых платформ для продвижения туризма, создание мобильных приложений для туристов и развитие инфраструктуры для экотуризма могут привлечь в регион больше путешес-



венников, что, в свою очередь, создаст новые рабочие места и улучшит экономическую ситуацию.

Решение экологических проблем с помощью инноваций

Одной из серьёзных проблем региона является экологическая ситуация, связанная с промышленными отходами и загрязнением воздуха. Новые технологии для очистки воздуха, переработки отходов и использования возобновляемых ресурсов могут помочь улучшить экологическую ситуацию в регионе.

Закключение

Современные технологии и инновационные проекты открывают для Западно-Казахстанской области широкие возможности для улучшения качества жизни. От возобновляемых источников энергии до цифровизации сельского хозяйства — внедрение этих решений требует инвестиций и поддержки со стороны государства и бизнеса. Однако в перспективе эти усилия могут привести к значительным изменениям в экономике региона и повышению уровня жизни его жителей.

Ербол ЕРБАЕВ
PhD доктор, и.о.доцент





Дарынды жас – Дана

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің белсенді жастарының бірі – 4-курс студенті Дана Абдулшаева жуырда қаржылық қауіпсіздікке байланысты халықаралық олимпиадада «Экономика» пәні бойынша жүлдегер атанып, II дәрежелі дипломмен марапатталған еді. Жалпы зейінді жастың бұған дейінгі жетістіктерін де сараласак, оның болашақта қаржы саласының білікті маманы боларына сенім мол.

Алдымен ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі және ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы ұйымдастырған биылғы халықаралық олимпиадаға тоқталсақ. Жас ұрпақтың ақпараттық, қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыру, талантты жастарды іздестіру, қаржылық қауіпсіздік саласындағы ғылыми-зерттеу дағдыларының дамуын ынталандыруға бағытталған олимпиаданың бірінші іріктеу кезеңінде қазақстандық жастар онлайн тестілеуден өткен. Кейіпкеріміздің айтуынша, 200 сұрақтан құралған тест сынағы негізінен еліміздегі қолданыстағы заңнамалармен байланысты болғандықтан, оңай болмаған. Жүз минуттың ішінде берілген сұрақтарға барынша үлгеріп жауап берген Жәңгір хан университетінің екі студенті екінші кезеңге өтті. Соның бірі – «Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан Дана Абдулшаева.

– Кейін мамыр айында Алматыдағы Тұран университетінде екінші кезең – эссе жазу ұйымдастырылды. Бұл кезеңде өзімізге берілген белгілі бір тақырып бойынша эссе жаздық. Эссе тақырыптары өз мамандығымыз бойынша экономика саласын қамтыды. Сондықтан маған эссе жазу қиынға соқпады. Ең жоғары балл жинадым. Осылайша біздің университеттен қатысқан Кәмшат Аманжол екеуміз финалдық кезеңге жолдама алдық. Жаз бойына халықаралық олимпиадаға дайындалдық. Қаржылық мониторинг агенттігі дайындалуға бірнеше бағытта тапсырмалар берді. Әрине, мен Алматыға бара алмадым, бірақ зум арқылы дайындық курстарына қатыстым, – деді Дана.

Осылайша БҚАТУ-дың екі студенті Дана Абдулшаева пен Кәмшат Аманжол қазан айының басында қаржылық қауіпсіздік бойынша халықаралық олимпиаданың финалдық кезеңіне қатысатын қазақстандық команда-



мен бірге Сочи қаласына жол тартады. Бұл үлкен іс-шараға 36 елден 600-ден астам адам қатысқан. Ал Қазақстан делегациясының құрамында студенттер мен магистранттардан құралған 10 білім алушы болған.

– Біз Сочидегі «Сириус» білім беру орталығына тоқтадық. «Достық» платформасында ұйымдастырылған олимпиада кезінде 15 кейс бойынша тапсырмаларды орындадық. Сонымен қатар бес күн ішінде бағдарлама аясындағы дәрістер, интерактивті шеберханалар, шеберлік сағаттары, панельдік пікірталастар, викториналар, байқаулар, мәдени және спорттық сайыстар сынды 60-тан астам іс-шараға қатыстық. Серіктес банктердің өзі түрлі ойындар өткізді. Қатысушыларға бағалы заттар, көптеген естелік сыйлықтар табысталды. Ресейдің танымал әншісі Дмитрий Певцовтың концертін тамашаладық. «Красная поляна» деп аталатын курортты қалаға саяхат жасадық, тауға шықтық, – дейді осы сапардан алған әсерімен бөліскен кейіпкеріміз. Нәтижесінде Қазақстан командасы қаржылық тергеу бойынша «Графус» оқу жүйесінде ұйымдастырылған жарыста III орынды иеленген. Ал Дана Абдулшаева «Экономика» пәні бойынша жүлдегер атанып, II дәрежелі дипломмен марапатталған.

Дананың мұндай халықаралық деңгейдегі білім сайысына алғаш рет қатысуы. Алайда шетелге шығуы жаңалық емес екен. Өйткені зерек жас Жәңгір хан университетінде оқи жүріп, академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде үшінші курста Польшадағы Лодз технологиялық университетінде бір семестр білім алды. Шетелдік университетте оқу шығыны мемлекет қаражаты есебінен өтелді. Сонымен қатар осы жылы Ресейдегі БҚАТУ-мен

әріптес жоғары оқу орындарының бірі – Қазан федералды университетіндегі екі апталық «Жазғы университет» шарасына қатысып, білімін толықтырып қайтқан.

– Сочи сапарынан жақсы әсермен оралдым. Бұған дейін Польшада оқығанымның, ағылшын тілін үйренгенімнің пайдасы тиді. Жалпы көп нәрсені үйрендік, бейтаныс адамдармен достасып кеттік. Тіпті басқа елдің адамдармен танысып, білімімізді толықтырып, таным көкжиегіміз кеңейді. Қаржы саласына, ақпараттық қауіпсіздікке, технологияға байланысты көптеген мәліметтерден хабардар болдым. Польшадан басқа 7 елді көру мүмкіндігіне ие болдым. Ол жақта GPA 4.0 болып, барлық сабағымды 5-ке тапсырдым, – дейді болашақ қаржыгер маман.

Студент Дана екі жыл қатарынан ғылыми мақалалар жазып, ғылыми конференцияларға қатысқан. Биыл «Микроэкономика», «Макроэкономика», «Кәсіпорын экономикасы» пәндері бойынша Семей қаласындағы Шәкәрім университеті ұйымдастырған республикалық студенттік пәндік олимпиадада топтық жұмыспен II орынды (жетекшілері Назым Ахметжанова мен Жанар Ержанова) иеленген. Бүгінде белсенді білім алушылардың тәлімгеріне айналған бойжеткеннің ендігі ойы – бакалавр бойынша оқуын сәтті тәмамдап, дипломын қолына алып, өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасу. Магистратурада білімін жалғастыру да ойында бар. Әрине, бұл – болашақтың еншісіндегі жоспарлары. Қазіргі уақытта сабағына көңіл бөліп, дипломдық жұмысын сәтті қорғауға барын салуда.

Әрине, қаржы саласы оңай шағыла қоятын жаңғақ емес. Алайда Дананың бұл саланы таңдауына отбасында анасының, ағаларының өз-өздеріне жұмыс жасап, өз табыстарын өздері басқаратын қасиеттері түрткі болса керек. Бала кезінен есепқисапқа жүйрік болуы да болашақ арманына жол ашқандай. Қаржы саласына қатысты терминдерді де естіп өскен. Ал жоғары сыныпта мамандық таңдау қажеттілігі туындаған кезде жан-жақты ойлана келе осы саланы таңдапты.

– Біз мектеп бітірген жылы физика-математика пәндері бойынша мамандықтарға гранттар көп болды. Маған да сол мүмкіндікті пайдалануға ақыл-кеңес берушілер көп болды. Алайда мен мемлекеттік грант аз бөлінетін география-математика бағытын таңдап, нәтижесінде Жәңгір хан университетіне оқуға қабылдандым, – деген зейінді ару



ата-анасының үмітін ақтапты. Бүгінде Дана – Президенттік шәкіртақы иегері. Бұл – білімге ден қойған еңбегінің жемісі. Оған қоса қол жеткізген жетістіктерін де жоғарыда айтып өттік. Осындай мүмкіндіктерге жол ашқан университетіне, белсенділігін шындауға көмектескен эдвайзері Альберта Шынболатқызына айтар алғысы шексіз. Ал Дананың алаңсыз білім алуына жағдай жасап отырған бас-



ты қолдаушысы – отбасы.

– Қаржылық сауаттылық барлық адамға керек. Алайда қаржылық білімді сауатты, білімі бар адамнан ғана үйрену қажет. Себебі қазір қоғамда түрлі жағдай орын алуда қазір. Ал мен үшін қаржы саласы – қиын әрі қызықты. Өзімнің алған білімімді басқаларға қарапайым тілмен жеткізгім келеді, – деп сөзін түйіндеді Дана.

Ләззат ҚАЖЫМОВА



БҚАТУ командасы «Oral jastary-2024» фестивалінде жеңіске жетті

Жәңгір хан университетінің белсенді жастарынан құралған команда қаламыздағы жоғары және арнаулы орта оқу орындары арасында ұйымдастырылған «Oral jastary-2024» фестивалінде I орынды иеленді. Жеңімпаздарымызды құттықтаймыз!



«Хор ұжымы» – I-орын



«Пікір сайыс» – I-орын



«Үздік мобилограф» – II-орын



«Заманауи би» – I-орын



«Волейбол» – I-орын



«Шахмат» – I-орын



«Садақ ату» – III-орын



«Шағын футбол» – II-орын

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 582 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru